

## Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күші жойғал*

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 29 ақпандағы № 48 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 26 наурызда № 7-11-155 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 17 наурыздағы № 69 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 17.03.2014 № 69 қаулысымен**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. "Тасқала аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі қолданыстағы заңнамаларға сәйкес белгіленген квота бойынша мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына жіберу жөнінде шараларды алсын.

3. Аудан әкімдігінің "Тасқала ауданында мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2009 жылғы 30 наурыздағы № 113 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 7-11-92 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 1 мамырда "Екпін" газетінің № 26-27 жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Л. Жұбанышқалиеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Қ. Мусин*